

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жер қатынастарын реттеу жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 11 маусым N 800. Қаулының күші жойылды - 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2) "Қазақстан Республикасында жерге орналастыруды жүргізудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 5 маусымдағы N 931 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж . . , N 24 , 219 - құ ж а т) :

кіріспеде "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2718 Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің ведомостары, 1995 ж., N 24, 160-құжат)" деген сөздер "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында жерге орналастыруды жүргізудің тәртібі туралы ережеде:

1-тармақта "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 Заң күші бар Жарлығына" деген сөздер "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы "4 қаңтардағы Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "Жерге орналастыру - бұл жерді ұтымды пайдалануды ұйымдастыру мен қорғауға бағытталған шаралар жүйесі." деген сөздер "Жерге орналастыру жер қатынастарын реттеуге, жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды ұйымдастыруға бағытталған жер заңдарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жүйесі болып табылады." деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы, қол сұғылмаушылығы және б ө л і н б е й т і н д і г і " ;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жердің жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету және оның қол жетімділігі" ;

6 - т а р м а қ т а :

е к і н ш і а б з а ц т а :

"жерге орналастырудың" деген сөзден кейін ", жерлерді аймаққа бөлудің" деген сөздермен толықтырылсын;

"схемалары" деген сөзден кейін "(жобалары)" деген сөзбен толықтырылсын;
"ресурстарын" деген сөзден кейін "ландшафтық-экологиялық көзқарас негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

ү ш і н ш і а б з а ц т а :

"жер пайдаланудың жаңаларын құрудың және қолда барларын ретке келтірудің жобаларын жасауды," деген сөздер "құрылуы бойынша шаруашылықаралық жерге орналастыру жобаларын жасауды және бар жер пайдалануды ретке келтіруді," деген сөздермен ауыстырылсын;

"жер пайдалану" деген сөздер "жер учаскесіне меншік құқығына және жер пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацта "шегін" деген сөз "шекараларын (шегін)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

бесінші абзац мынадай мазмұнда жазылсын:

"әкімшілік-аумақтық құрылымдардың, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және жерді пайдалану мен қорғаудың ерекше жағдайлары бар басқа да жер учаскелерінің шекараларын жергілікті жерлерде белгілеуді;" ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жерге орналастыруды жүргізу жөнінде тапсырыс беруші, жерге орналастыру құжатын әзірлеуші, жерге орналастыруды жүргізгенде құқықтары мен заңды мүдделері қозғалуы мүмкін үшінші тұлғалар, сондай-ақ жерге орналастыру құжаттамаларына келісім беретін және бекітетін мемлекеттік органдар жерге орналастыру процесіне қатысушылар болып табылады.

Жерге орналастыру жұмыстарын мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіпте жерге орналастыру жұмыстарын жүргізуге лицензия алған басқа да заңды тұлғалар мен а з а м а т т а р о р ы н д а й д ы .

Мемлекеттік монополияға жатқызылған жерге орналастыру жұмыстарын мемлекеттік кәсіпорындар орындайды, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі функциясын жүзеге асырады. " ;

8 - т а р м а қ т а :

2) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әзірлеушінің (жобалау және іздестіру жұмыстарымен айналысатын,

сондай-ақ жерге орналастыру жобаларын орындауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға):";

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) жерге орналастыруды жүргізгенде құқықтары мен заңды мүдделері қозғалуы мүмкін үшінші тұлғалардың мынадай құқықтары бар:

олардың мүдделері қозғалатын жерге орналастыру мәселелерін талқылау кезінде қатысу және жерге орналастырудың барысы мен нәтижелері туралы ақпарат алу;

жерге орналастыру процесінде олардың мүдделерін қозғайтын құқыққа қайшы әрекеттерге заңға сәйкес шағым беру";

9-тармақтың 4) тармақшасында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жерге орналастыру құжаттамасын әзірлеуші:";

үшінші абзацта "келтіруге" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "міндетті" деген сөз алынып тасталсын және мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"жерге орналастыру құжаттамасында көзделген іс-шаралардың анықтығы, сапасы және экологиялық қауіпсіздігі үшін жауапкершілік алуға міндетті.";

11-тармақта "атқарушы" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Атқарушы органдардың шешімі бойынша жүргізілген, жерге орналастыру белгіленген тәртіпте жер ресурстарын басқару жөніндегі органның бастамасымен, осы мақсат үшін көзделген бюджет қаражаты есебінен және оның шегінде жүргізіледі.";

13-тармақта "атқарушы" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

16-тармақта "атқарушы" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 17-1 және 17-2-тармақтармен толықтырылсын:

"17-1. Белгіленген тәртіпте келісілген жерге орналастыру құжаттамаларын мыналар бекітеді:

заңнамада белгіленген құзыреттеріне сәйкес жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері;

өздерінің есебінен әзірленетін және жүзеге асырылатын шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобаларын және жерлерді ұтымды пайдалану, топырақ құнарлылығын сақтау және арттыруға байланысты жобаларды - жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық уәкілетті органдармен келісе отырып, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар, жер учаскелерін жалға алушылар және басқа да тапсырыс берушілер.

Жер учаскелерінің шекараларын қалыптастырумен, оларды жергілікті жерде белгілеумен, жер учаскесінің жоспарын әзірлеумен байланысты жерге

орналастыру құжаттамаларын, сондай-ақ жерге орналастыру бойынша, жер ресурстарының жағдайы мен пайдаланылуының арнаулы тақырыптық карталарын жасау бойынша топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың, топырақтану, агрохимиялық, геоботаникалық және басқа да зерттеу және іздестіру жұмыстарының материалдарын тиісті жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық уәкілетті орган бекітеді.

17-2. Жерге орналастыру құжаттамасына өзгерістер, осы құжаттаманы бекіткен органның рұқсатымен ғана енгізіледі.";

21-тармақта "17-тармағында" деген сөздер "15-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын ;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Қазақстан Республикасында жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыруды жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және оның аумақтық органдары жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 23-1 және 23-2-тармақтармен толықтырылсын:

"23-1. Жерге орналастыру жұмыстарын орындау технологиясы жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен, жерге орналастыру жұмыстарын орындаушылардың барлығы үшін міндетті нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес болуы тиіс.

23-2. Жерге орналастыру жұмыстарын жүргізгенде мемлекеттік бақылауды және оларға сараптаманы жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және оның аумақтық органдары жүргізеді.";

3) < * >

ЕСКЕРТУ. 3)-тармақша күшін жойды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 қыркүйектегі N 956 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 1)-тармақша күшін жойды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003.09.20. N 958 қаулысымен .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі